

**ГЕОГРАФИЯ ПӘНІ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫ
(7-СЫҢЫП МЫСАЛЫНДА)**

Раманова Гаухар Бекежанқызы

G.ramanova@list.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Жаратылыстану ғылымдары факультеті
Физикалық және экономикалық география кафедрасы 1 курс магистранты, Нұр-Сұлтан
Ғылыми жетекшісі – Мусабаева М.Н.

Еліміздің білім беру бағдарламасына сәйкес, география пәнін оқытуда оқушыларға қандай білім беру ресурстарын қолданған тиімді екендігіне талдау жүргізілді. География

пәніндегі «Білім беру ресурстары» деп автор білім алушыларға дәстүрлі ресурстардан бөлек жаңа технологиялы ресурстарды ұсынады. Күнделікті білім беру саласындағы ресурстардың мүмкіншіліктері оқушылардың географиялық ойлау қабілетін дамыту контекстінде қарастырылады. Мектеп оқушыларына білім беру ресурстарын қолданып, оқытуды жүзеге асыру әдістері талданады.

В соответствии с образовательной программой страны проведен анализ того, какие образовательные ресурсы целесообразно использовать учащимся при изучении географии. Под «образовательными ресурсами» по географии автор предлагает обучающимся, помимо традиционных, новые технологические ресурсы. Возможности ресурсов в сфере повседневного образования рассматриваются в контексте развития географического мышления учащихся. Анализируются методы реализации обучения школьников с использованием образовательных ресурсов.

In accordance with the educational program of the country, an analysis of what educational resources are appropriate for students to use when studying geography. Under "educational resources" in geography, the author offers students, in addition to traditional, new technological resources. The possibilities of resources in the field of everyday education are considered in the context of the development of geographical thinking of students. The article analyzes the methods of implementation of teaching students using educational resources.

Қандай да бір ел өзіндік дамуы үшін оның білім және ғылым деңгейінің сыналатыны анық. Дегенмен, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің жарты ширектік кезеңінде-ақ әлемдік қоғамдастықта мемлекет ретінде өзін мойындата алды. Осы орайда, қоғамдық даму деңгейінің өлшемі ретінде білім беру жүйесінің рөлі мен маңызы да арта түсуде.

Елбасының «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты Қазақстан халқына жолдауында «Біз білім беруді жаңғыртуды одан әрі жалғастыруға тиіспіз» делінген. Бұл дегеніміз қазіргі уақытта әлемде төртінші технологиялық революцияның болып жатқандығы мен ақпараттың қарқынды ағынының жоғары технологиялық инновациялары біздің өмірімізге өзгерістер әкелуі мүмкін екендігіне дәлел бола алады. Бұл тұрғыда қоғам мен тұлғаның сұранысы өсуде және өзгеруде. Солай-ақ, қоғам мен тұлғаны ақпараттандыру қазір глобалды әлеуметтік процесске айналып отыр. Глобалды процесске айналған қоғамды ақпараттандыру үрдісінің бағыттарының бірін жасау үшін, ең бірінші білім беруді ақпараттандыруға тиіспіз. [1]

Биыл 1 қыркүйекте президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына кезекті жолдауында «Адамды және қоғамды уақыт талабына сай жетілдіру қажеттігін өмірдің өзі көрсетіп отыр. Жаңарған ұлт қана жаңғырған елдің жетістігін жаһан жұртына таныта алады. Мен, халқымыздың әлем үлгі тұтарлық жақсы қасиеттерінің көбірек болғанын қалаймын»-, деген болатын. Бұл айтылған пікір бүгінгі күні өте маңызды болып отыр.

Коронавирус індетінің салдарынан дүние жүзіндегі мектеп оқушылары мен студенттердің басым көпшілігі қашықтан оқуға көшті. Бұл жұмыстың тәсілі мен мазмұнын түбегейлі өзгертуде. Толыққанды оқу үдерісі үшін қажетті барлық функциялары бар бірыңғай онлайн білім беру платформасын шұғыл әзірлеу қажет. Дегенмен әлем мен ақпарат легінің ұлғаюы жағдайында іргелі пәндік білім міндетті, бірақ ол білім берудің жеткілікті нысанасы болып табылмайды. Қазақстандық білім беру жүйесі оның әлемдік білім беру кеңістігінде лайықты орын алуына мүмкіндік бермейтін ескірген әдіснамалық базасы, құрылымы мен мазмұны жағдайында дамуын жалғастыруда. Сол себепті білім беру мазмұны фактологиялық күйінде қалып отыр және оқитындарды қоғам өміріне күзиретті, жауапты әрі шығармашылық тұрғыдан қарастыра отырып даярлауға бағдарланбаған. [2]

Барлығымызға белгілі 2016 жылдан бастап, Қазақстан Республикасының білім саласында көптеген айтарлықтай өзгерістер жүзеге асырылуда. Яғни сол өзгерістердің бірі - жаңартылған білім беру бағдарламасы. Бағдарламаның түпкі мақсаты да білім сапасын жақсарту. Айталық

еліміздің білім беру жүйесінде жаңартылған білім беру мазмұнына ауысуы, белсенді түрде іске асуда. Бағдарлама мектеп оқушыларын функционалдық сауаттылықтарын арттыруға, адами құндылықтарын дамытуға аса назар аударады.

Жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасы бойынша соңғы 5 жылда білім беруде болып жатқан өзгерістер бойынша география пәніне де қатысты проблемалар мен білім беру ресурстарын айтып өту керек. География пәні бойынша білім беру ресурстары өзектілігі де өте басым. Осы мәселелерді талдай отырып, біз география пәнінің зерттеу нысаны әр түрлі дәрежедегі географиялық орта компоненттерінің орналасуымен өзара әрекеттесу заңдары мен заңдылықтары болып табылатынына көз жеткізе аламыз.

Бастау алған жаңартылған бағдарламаға сәйкес география пәні (7-сынып) бойынша, пәннің негізгі ерекшеліктеріне байланысты оқушыларға оқып-үйрететін білім беру нысаны – табиғат, табиғи үрдістер мен құбылыстар болып өзгерді. Оқушылар бұл курста табиғат аясында болатын сан түрлі, қайталанбас күрделі және өзара ұдайы қарым-қатынас арқылы дамиды. Жаңа білім беру сипатына ие болған қазіргі география тек қана табиғатты және табиғатта болатын табиғи үдерістерді зерттеп қана қоймай, адамның табиғатқа деген көзқарасын, оны қорғау мен тиімді пайдалану жолдарын оқушыларға оқытып, үйретеді. Бағдарлама сәйкесінше 7-сынып География пәні бойынша білім беру ресурстары айтарлықтай көп емес, бірақ мазмұндық бөлім бойынша талдап, білім беру ресурстары қатарын толықтыруға болады. Мысалы «Картография және географиялық деректер қоры» бөліміндегі «Картографиялық білім беру ресурстарына» тоталайық. [3]

Кез келген ғылым саласындағы ең бірінші білім беру ресурсы бұл оқулық болып табылады. 7-сынып География пәнінде оқулық ресурсын сабақ барысында мәтін құрылымымен толық танысу үшін қолдануға болады. Онда берілген фактілерді суреттер арқылы дәлелді түрде түсіндіруге, картографиялық деректер мен статистикалық материалдарға оқушының зейінін салып оқытуға мүмкіндік береді. Оқулық ресурсы бұл тек негізгі мәтінмен ғана шектеліп қоймайды. Ресурс көзі оқушыларға сұрақтар мен түрлі деңгейдегі тапсырмаларды орындай алуға және осы айтылған тапсырмаларды орындау үшін оқушылар өзіндік және ұжымдық бірлестікпен (сыныппен) бірге жұмыла жұмыс жасауға үйретеді. Оқулық ресурсында білім алушы жас өспірімдер жаңа дүниелерді меңгеріп қана қоймай, параграфтың басындағы және мәтін ішіндегі сұрақтар арқылы материалды толық түсініп, төменгі курстағы пәндерді негізге ала отырып, оларды еске түсіру мақсатында бекітуе бағытталған материал бола алады. Басқа ресурстарда жоқ, олармен салыстырғанда оқушылардың қосымша білімдерін, көзқарастарын кеңейтуге арналған өте пайдалы кеңестер, әрі қызықты деректер мен жайттарды кездестіруге болады. Оқулықтағы тақырыптардың негізі ол терминдер мен түсініктер болса, қазіргі бағдарламаға сәйкес кез-келген сөзді тереңдете меңгерту үшін, арнайы мәтін ішінде немесе оқулық соңында глоссарий жинағы берілген. Соларды оқи отырып, білім алушы түсініктермен терең жұмыс жасай алады.

Әрине, әрбір ресурс білім беру көзі ретінде таптырмас құрал екені анық. География сабағын оқытуда оқушыға ең бірінші картамен жұмыс жасай білуіне үлкен мән берілуі керек. Өйткені, оқушының пәнге деген қызығушылығын, географиялық ұғымдарды терең меңгеруіне жол ашу үшін осы бастапқы курста географиялық білім беруде картамен жұмыс жасауына баса назар аударуды қажет етеді. Бұл мақсатқа жету оқушыны тек білім көзімен ғана қаруландыру емес, сонымен бірге картамен жұмыс жасай білуін практика жүзінде іске асыру. 7-сынып География оқулығын сабақ барысында «Картография және географиялық деректер қоры» бөлімін меңгертуде мұғалім тарапынан оқушыға ең бірінші картамен жұмыс жасай білуіне назар салғаны дұрыс. Тек 7-сынып география пәні ғана емес жалпы география ғылымында сонау екі мың жыл бұрын қолға алған әйгілі грек оқымыстысы Страбонның дәуірінде-ақ ең үлкен әрі маңызға ие білім беру ресурсы – карта екендігіне тағыда көз жеткізуге болады. Себебі,

оқушының яғни білім алушының пәнге деген ынтасын, қызығушылығын, географиялық түсініктерді терең ұғынуы үшін курста картамен жұмыс жасауына аса назар салуы талап етіледі. Карта бұл пәндегі географиялық ұғымдар мен түсініктердің басы мен аяғы екені түсінікті. Картаны білім беру ресурсы ретінде сабақ барысында қалай қолдануға болатынына тоқтала кетсек, әуелі картаны – географиялық ұғымдар арасындағы байланысты меңгерудің көмекші құралы ретінде қарастырамыз. Пәннің мақсатқа жетуі үшін сабақта оқушыны тек білім көзімен ғана сусындату емес, сонымен қатар картамен жұмыс жасай білуін практика жүзінде іске асыруға болады. Карта ресурсын оқушылармен кішігірім экскурсияға, экспедицияға, саяхат пен жорықтарда шығу кезінде көмекші құралдың рөлі ретінде және сонымен бірге географиялық білімді тереңдетуге және кеңейтуге өз үлесін қосуға қолдануға болады. Сабақ барысында карта ресурсымен географиялық заңдылықтарды жоғары дәрежеде анықтауға мүмкіндік жасап, кеңістікте орналасу заңдылықтарын және Жер шары бетіндегі құбылыстардың арақатынасын, жиынтығын және байланысын анықтауға қолданамыз. Қорыта айтсақ, карта 7-сынып география пәнінің тілі болып табылады. Осы ресурс арқылы білім алушы жас өспірімнің ойы мен көзқарасын ары қарай дамытып, жетілдіретін көмекші құралға айналдыра аламыз. Айтылған ресурсты сабақ барысында қандай әдістер арқылы қолдана аламыз, осыған тоқталайық. [4]

Қартамен жұмыс жасаудың төмендегі негізгі әдістерін атауға болады:

1. Картаны оқу (географиялық жағдайын, шекарасын анықтау, әр елдер бойынша табиғат жағдайын сипаттау).
2. Бірнеше карта түрлерін алып салыстырмалы анализ жасау. Оларды глобуспен салыстыру.
3. Кескін картамен жұмыс жасау (кескін картаға түсіру техникасын меңгеру).
4. Жазбаша берілген географиялық ұғымдарды өз бетімен карта сызба құрастыру дағдысында қалыптастыру. [5]

Міне, Картография бөлімдері және оның мазмұнын оқыту, географияда картографияның рөлін арттырады және картографияның жаңашылдық құрылымы мен перспективасын ғылым ретінде беру, практикалық іскерлікке баулудың бірден – бір көзі бола алады. Жоғарыда айтылған әдістер мен сабақ барысындағы білім беру ресурстарын қолдана отырып, оқушының география пәніне деген қызығушылығын арттырып, өз бетінше терең білім алуына жол ашылады. Білім алушы жас өспірімдер өз бетімен карта-сызба жасату арқылы логикалық ойлау қабілетін дамытады. Талдаған тақырыпқа сәйкес 7-сынып бойынша қолданатын әрбір білім беру ресурсының бағыты және оның білім беру аясында қолданылатын тәсілі, оқушы үшін пәнді өте жақсы игеруге үлкен септігін тигізеді хақ.

Мен болашақ География пәнінің мұғалімі ретінде, өскелең жас ұрпаққа сапалы және дәлелді де нақтылы білім бергім келеді. Аталған осы ресурстармен ғана шектеліп қоймай, ондағы материалдық базаны үлкейте отырып, жаңа технологиялар мен әдістерді қолданамыз деп сенемін. Бұл біздің болашақ білім алушы ұрпақтар үшін оң нәтиже беретініне кәміл сеніммен айта аламын.

Қолданылаған әдебиеттер тізімі

1. 25.04.2011. Послание президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Построим будущее вместе».
2. 01.09.2020 Президент жолдауы - 2020 Қасым-Жомарт Тоқаев "Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі" халыққа жолдауы
3. География. Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық /А. Егорина, С. Нуркенова, Е. Шиминова. – Алматы: Атамұра, 2017. – 224 бет.
4. 26.01.2020 «География пәнін оқытуда кескін карталардың маңызы және ерекшеліктері» мақаласы авторы Конакбаева Анар Елеулыевна

5. 19 апреля 2019 «Карта – географияның екінші тілі» мақаласы авторы А.Нургалиева, «Н.Островский атындағы гуманитарлық-экономикалық мектеп-лицейі МДШО» КММ-ң география пәні мұғалімі.